

**Осербаев Елдос Нұланұлының «8D03102 – Мәдениеттану» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Кибербуллинг мәдени девиацияның формасы ретінде»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының**

АНДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында цифрлық қоғамдағы кибербуллинг және одан туатын мәдени девиация мәселесіне мәдениеттанулық талдау жасалды. Кибербуллингтің пайда болуы, оның негізгі ұғымдары, мәдени девиацияға ұшыраған қоғам мен адамның болмысы, ғаламтордағы этиканың мәні және негізгі принциптері, ақпараттық қоғамда өмір сүруші тұлғаның өзін-өзі қорғауы, сандық Қазақстанның даму перспективалары және кибер кеңістікті иегеру мәдениетін қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде дамыту мәселелері жан-жақты зерттеліп, сарапталды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі заманғы адамзаттың басым бөлігі басынан кешіп отырған ақпараттандыру үдерісі қоғам мен адам өмірінің барлық дерлік саласындағы өзгерістердің қарқынын арттырып, жаңа технологиялар әлеуметтік-мәдени кеңістікті әртараптандыруға ықпал еткені белгілі. Кибер жүйелер қоғамда адамның өмір сүруінің жаңа парадигмасы ерекше функционалды жүйе ретінде дамып, осы жүйедегі адамның орны туралы мәселе өткір болып отыр. Мега көлемдегі ақпараттардың әртүрлі түрлерін иелену мүмкіндіктерінің пайда болуына байланысты бірқатар мәселе туындады. Ақпаратқа қарапайым қол жеткізу мүмкіндігі болғанымен, әрдайым оны сапалы білімге аударуға адамның қабілеті жете бермейді, яғни пәнді теориялық тұрғыдан меңгере алмайды. Адам білімді меңгерген емес, тек ақпараттанған болып есептеледі, ол – танымдық іс-әрекет нәтижесінде білімге ие болушы ғана. Ақпаратты субъективті сүзгілер арқылы қарастыратын болсақ, онда адам санасының гибридизациясы жүзеге асады. Адамгершілік мораль ережелері тұрақсыз сипат алып, мәдени девиациялар пайда болады. Сондықтан кибер кеңістікті дамыту жағдайында адам мен цифрлық жүйелердің, технологиялардың өзара іс қатынасының этикалық қағидаттары туралы мәселе аса өзекті болып отыр.

Мәдениеттану ғылым ретінде адамның кез келген қоғамда, оның кез келген даму кезеңінде адам болып қалуына мүмкіндік береді, әлеуметтік және экономикалық дамуға, гуманизм мен әділеттілік принциптерін бекітуге ықпал етеді. Цифрлық технологиялардың даму жылдамдығы мен деңгейінің жоғарылауымен кибербуллингте те артады. Мәдени девиацияның алдын-алу – адамның түр ретінде өзін-өзі сақтап қалуына қажетті элемент.

Десек те, кибербуллинг мәселесі қазіргі таңда өзекті бола түсіп отыр. Жеке адамның ғана емес, бүкіл адамзаттың өмірін түбегейлі өзгерткен кибер технологиялар жаңа, цифрлық қоғамның этикалық принциптерін, олардың арасында жауапкершілік принципінің маңыздылығын арттыра түсті, себебі

цифрлық қоғамдағы кибербуллинг адам ойының тамаша жетістіктерін адамның өзінің, адамзаттың «соңына» әкелуі мүмкін. Міне, сондықтан да кибер технологиялар дамыған қоғамдағы кибербуллинг тақырыбы қазіргі адамзат үшін де, Жаңа Қазақстан үшін де аса өзекті деген пікірге келдік.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Қазіргі ғылымда кибербуллинг және мәдени девиация мәселесінің мәнін ашатын зерттеу бағыттары жалпы алғанда анықталды деуге болады. Тұлға, оның адамгершілік келбеті мен мәдениеті туралы маңызды идеялар Платон, Аристотель, Демокрит сияқты классиктерден бастап, Освальд Шпенглер, Фридрих Ницше, Мартин Хайдеггер, Мишель Фуко, Йохан Хейзинга сияқты ойшылдарды қамтитын мәдени-философиялық кеңістіктегі мәдениеттанушылардың еңбектерінде көрініс тапты.

Зорлық-зомбылық мәселесіне арналған алғашқы жұмыстар 1905 жылдан бастап баспаға шыға бастады. Алғашқы зерттеулер скандинавиялық ғалымдар (Д.Олвейс, Е. Роланд, П. Хайнеманн), содан кейін Ұлыбритания ғалымдары (Д. Лейн, В. Орто және т. б.) жүргізді. Білім беру қызметінің қазіргі жағдайында кибербуллингтің алдын алуға бағытталған психокоррекциялық және профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігі туындады.

Девиантты мінез-құлық» ұғымының жағымсыз жағы мен сөздіктері атап өтіледі, атап айтқанда А. В. Петровский мен М. Г. Ярошевский өңдеген қысқаша психологиялық сөздікте табуға болады. Егер іс-әрекеттер азғындық пен қылмыс дәрежесіне жеткізілсе, онда олар девианттылық белгісіне түседі. Этика сөздігі девиантты мінез-құлықтың теріс сипаттамасын растайды, бұл мінез-құлық нормалары мен үлгілерінен теріс ауытқулармен көрінетін моральдық зұлымдықтың ерекше түрі.

Қазақстан Республикасындағы ғылыми ортада цифрлық қоғамда да аса маңызды болып отырған жауапкершілік, еркіндік, қазақ этикасы, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына байланысты ұғымдар мен мәселелер айтарлықтай терең зерттелді. Аталған философиялық мәселелер Ә.Н. Нысанбаевтың «Қазақтардың дәстүрлі этикасы», Д.К. Кішібековтің «Қазақ менталитеті», Аманжол Қасабектің «Ақиқатты іздеу» («Искание истины»), Т.Х. Ғабитовтың «Қазақ этикасының теориясы мен тарихы», Ғарифолла Есімнің «Глобализм және егемендік», Д.С. Раевтың «Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау», С.Е. Нұрмұратовтың «Рухани құндылықтар әлемі», Г.Ж. Нұрышеваның «Өмірдің мәні: философиялық-антропологиялық талдау», Ө.Қ. Бекежанның «Техника феномені: элеуметтік-философиялық талдау», А.Т. Құлсариеваның «Этика», Г.Г. Барлыбаеваның «Қазақтардың философиялық этикасы» («Философская этика казахов») еңбектерінде жан-жақты қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны – өркениеттің ақпараттық толқынындағы мәдени девиация үрдістері.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні – кибербуллингтің мәдени девиацияның формасына айналу құбылысын зерттеу.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Жұмыстың мақсаты - цифрлық қоғамдағы кибербуллингтен туатын мәдени девиация мәселесін зерттеп, мәдениеттанулық талдау жасау.

Осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды.

- Ақпараттық қоғамның қазіргі теорияларын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерделеу және оларды Қазақстанның әлеуметтік-мәдени шындықтарына қолдану шегін анықтау;

- Коммуникацияның жаңа формалары мен қоғамды цифрландырудың адам мінез-құлқына ықпалының әлеуметтік-мәдени факторларын зерттеу; қоғамды цифрландыру жағдайында ауытқулардың әлеуметтік-саяси аспектілерін зерделеу: адамға қарсы бағытталған негізсіз айыптаулар мен қауіп төндіретін ақпараттар, адамның осы қоғамды немесе адамды жек көруіне себеп болатын әрекеттер және т.б.;

- Кибербуллинктің заманауи түрлерін зерделеу, жеке психологияға әсер ететін ақпаратты жинау (әртүрлі күйзеліске ұшыраған немесе түсініксіз сезімдегі адамдар үшін жағымсыз немесе қисынсыз ақпарат ағыны одан әрі күйзеліске және моральдық-этикалық жағымсыз әрекеттерге әкелуі мүмкін);

- Жаңа Қазақстандағы адамның болмыстық негіздерінің өзгеру себептерін зерттеу, жастар арасындағы девиантты мінез-құлық факторларын анықтау; этникалық мәдени кодтарға және тұлға параметрлеріне қатысты маркерлерді белгілеу;

- Ақпараттық қоғам жағдайында діни экстремизм мен ауытқудың жаңа түрлерінің арақатынасын анықтау.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертацияда кибербуллинг проблемаларын анықтау үшін ақпараттық, желілік, виртуалды цифрлық қоғам теориясы, ұрпақтық көзқарас, әлеуметтік желілер теориясы, аксиологиялық, әлеуметтік-мәдени көзқарастар, сондай-ақ аралас шындық тұжырымдамасы қолданылды. Қосылған бақылау және пікіртерім әдісі (девиантты мінез-құлық топтарымен жұмыс), сауалнама жүргізу сандық жастардың құндылықтар мен мінез-құлық модельдері туралы эмпирикалық деректер алу үшін үлкен мәнге ие. Жұмыста сондай-ақ философиялық, психологиялық, құрылымдық-функционалдық тәсілдердің әдістері, талдау, синтездеу, ғылыми жалпылау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

1. Цифрландыру негізінде білім беру технологиялары арқылы қазақстандық қоғамның адами капиталының сапасын арттыру және жастар арасындағы девиантты мінез-құлықты және кәмелетке толмағандар немесе оларға қатысы бар виртуалды қылмыстар санын азайту мүмкіндігі дәлелденді.

2. Посткеңестік қоғамды ақпараттандыру жағдайындағы девиантты мінез-құлықтың әлеуметтік-философиялық мазмұнын зерттеу арқылы ақпараттық қоғамның өскелең ұрпағының ауытқулары туралы ғылыми негізделген концепция ұсынылды.

3. Зерттеуші мәдени деградацияға тән оң әлеуметтік құндылықтарды жоғалтуға және азаматтардың көлеңкелі экономикаға араласуына жол ашатын девиантты мінез-құлық мотивациясына назар аударады. Тұрмыс мәдениетіндегі кейбір келеңсіз оқиғалар қазіргі посткеңестік елдердегі мәдени ауытқулардың дамуына ықпал ететін әлеуметтік-саяси факторларға жатқызылуы керек, өйткені біз осы ізденісте қабылдаған мәдениет анықтамаларына сәйкес оның пәні мінез-құлық нормаларын қамтитынына және адамдардың басым бөлігі қабылдайтын құндылықтар кейде дәлелсіз шетке ығыстырылатынына назар аудардық.

4. Девиациялардың адамға қаншалықты әсер ететініне, оның психологиялық жағдайына қарай бағалауға болады. Басқалардың пікірі кейбіреулер үшін бірден әсер етпесе де, басқалар үшін үлкен күшке ие болып, артынан теріс немесе жағымсыз пікір қалдырса, ол адамның моральдық-этикалық ұстанымына нұқсан келтіретін әрекетке жатады. Көптеген виртуалды фобиялар мен шамадан тыс әсер ету сезімі әлеуметтік-философиялық талдауды қажет етеді.

5. Қазақтың төлтума мәдениетінің басты құндылықтарына сөз құдіреттілігін мойындау, еркіндіктің жоғары бағалануы, қатал табиғатты игеру жағдайында қалыптасқан төзімділік пен толеранттылық, сұхбатшылдық пен адамның көңіл-күйіне үлкен мән беру жататындығы белгіленді.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

1. Мәдениеттегі девианттықтың көптеген анықтамалары, түсіндірмелері, суреттемелерінің арасында оны қоршаған табиғи және әлеуметтік орта мен адамның қарым-қатынасын ретке келтіретін әмбебапты тетіктегі ауытқушылық ретінде айқындау ХХІ ғасырда өрістеген өркениеттілік ұстанымының маңызды белгісіне жатады. Адамдық қарым-қатынастардың нормативтік негіздері әдеп пен құқықтан құрайтынын атап өтуге болады.

2. Қазіргі ақпараттық өркениетте пайда болатын тыста жаңа мәдени-әдептік құлдырау туралы сөз қозғауға болатындығы және оның басты факторларына өркениеттік және мәдени құндылықтардың арасындағы қайшылықтар, демографиялық е экологиялық дағдарыстар, көпполюсті әлемге бейімсіздік ж.т.б. жататындығы анықталды.

3. Қазіргі Қазақстандағы әдептік-құқықтық мәдениетті өркениеттілік талаптарына сәйкестендіру бағытында тоталитарлық және авторитарлық әдеп жүйелерінен тұлға-орталықтық әлеуметтік құрылымға дәйекті ауысу, адам құқықтарының барлығының, басымдылығын мойындау, девианттық және делинквенттік әрекетпен күресу жатады.

4. Тұлғаның даму үдерісінде оған моральдың бағалаушылық және нормативтік жақтары әсер ететіндігі, моральдың бағалаушылық жағы жақсылық пен әділдікке негізделсе, нормативтік жағы борышқа бағытталғандығы анықталды.

5. Көшпелі мәдениеттен күшпен танылған отаршылдыққа өту нәтижесінде, отаршылдық пен тоталитарлық қысымнан қазақы қоғамның дәстүрлі

ынтымақтастық тетіктері шайқалып, маргиналдық және девианттық қылық ұлғайып, құқықтық-әдептік мәдениет заманының жаңа талаптарына үйлесімді жауап бере алмайтындығы анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы.

Зерттеу нәтижелерін қазіргі қоғамның цифрлық мәдениеті мен этикасын, қарапайым цифрлық сауаттылығын арттыруда, жеке тұлғаның да, тұтас қоғамның да жауапкершілігін жүйелі қалыптастыру үдерісін жүзеге асыруда кеңінен қолдануға болады. Сонымен қатар диссертант ғылыми ізденіс барысында қол жеткізген нәтижелер философия, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, ақпараттық технологиялар, тарих салалары бойынша студент, магистрант, докторанттар дайындау ісінде, жас ұрпақты тәрбиелеу барысында да пайдалы бола алады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 5 мақала жарық көрді. Оның ішінде ҚР БҒМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда – 4 («Адам әлемі», «ҚазҰУ Хабаршысы»); Scopus мәліметтер базасына кіретін «Frontiers in Communication» журналында 1 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының талқылануы. Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы және философия кафедрасының 2025 жылдың 21 сәуіріндегі кеңейтілген мәжілісінде (№8 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 125 бет.